

ЖШС «Жас Дарын» бастауыш мектебі

# Ашық сабақтың Хаттамасы

Тақырыбы: Разрядтан аттамай үш таңбалы санды бір  
таңбалы санға жазбаша бөлу

Сыныбы: 3 «А»

Сынып жетекшісі: Ондыбайқызы А.

2024-2025 жыл

19.02.2025 жылы 3 «А» сыныбында Оңдыбайқызы Айгерім, математика пәнінен «Разрядтан аттамай үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша бөлу» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақтың басы, сыныпта психологиялық ахуал тудырудан басталды. Оқушылар бір-бірінің қолынан ұстап «Алақан» әдісі арқылы, бір-біріне жылы лебіздерін, жақсы тілектерін айтып, бүгінгі сабаққа сәттілік тіледі. Оқушылар 2 топқа бөлініп отырды. Сонымен, мұғалім оқушылардан үй жұмысын сұрады, оқушылар қолдарына қаламдарымен үй тапсырмасының дұрыс, дұрыс еместігін тексерді. Одан әрі, жаңа сабақтың тақырыбын актив панель тақтасына Эйлер Венн диаграммасын сынып, миға шабуыл жасау арқылы арқылы ашты. Мұғалім жаңа сабақтың үлгісі ретінде есептер шығарып көрсетті, әрі қарай оқушылар тақтаға есеп шығарды. Сабақтың ортасында «mouse and chees» әдісі арқылы да есептер шығарды, одан бөлек «Пирамида» әдісі арқылы да есептер шығарылды. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында, сергі сәті ұйымдастырылды. «Ритмикалық әуен» арқылы оқушылар сергіту сәтін жасады. Ары қарай, сыныпта топтық жұмыс ұйымдастырылды, екі топтың арасында Қыран тобы жылдамдық көрсетіп топқа берілген есепті бірінші болып шығарды. Оқушылар сабаққа жақсы қатысты, және сабақ соңында кері байланыс жасады.

